**«8D02201-Исламтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Смагулов Нұржан Айдаровичтің «Шәкәрім Құдайбердіұлының фиқһи көзқарастарының қалыптасу негіздері («Мұсылмандық кітабы» еңбегі негізінде)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

# СЫН-ПІКІРІ

| р/н № | Критерийлер | Критерийлер сәйкестігі | Ресми рецензенттің ұстанымы |
|---|---|---|---|
| 1 | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы | 1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: | Диссертациялық жұмыс еліміздегі ғылымның даму бағыттары басымдылықтарының ішінен – 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулерге және арнайы мамандандырылған бағыттардың ішінен – 7.2. Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, колданбалы, пәнаралық зерттеулер: 7.2.6. Қоғамды жағдайындағы дін, тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, дәстүрлер мен құндылықтардың ортақтығы бабына сәйкес келеді. |
| | | 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);<br>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның | 1) «8D02201-Исламтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін мемлекет бюджетінен қаржыландырылған докторантура аясында әзірленген диссертациялық жұмыс.<br>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалмаған |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | атауы)<br>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) | 3) Диссертация нақтылы мемлекеттік бағдарлама аясында орындалмаған |
| 2 | Ғылымға маңыздылығы | Жұмыс ғылымға **елеулі үлесін қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған. | Диссертация еліміздегі исламтану саласын нақты ислам құқығы бойынша қазақ зиялыларының еңбектерін исламтанулық тұрғыдан зерттеу арқылы ғылымға елеулі үлесін қосады. Атап айтқанда қазақтың ойшыл ақыны Шәкәрім Құдайбердіұлының ислам шариғаты саласында жазған «Мұсылмандық кітабы» еңбегін исламтанулық тұрғыдан зерттеу арқылы ғылымға елеулі үлес қосып, елімізде дәстүрлі ислам құндылықтарын әрі қарай дамытуға септігін тигізеді. Диссертант зерттеу жұмысында осы тақырып аясында өзінен бұрын жазылған зерттеулермен танысып, зерттеп, өз тақырыбының маңызын аша білген. Сондай-ақ диссертант Шәкәрім Құдайбердіұлының «Мұсылмандық кітабы» трактатының жазылу тарихы мен себептерін, сондай-ақ туындының қазақ халқы үшін маңыздылығын зерделеп көрсетуі құнды саналады. |
| 3 | Өзі жазу принципі | Өзі жазу деңгейі:<br>**1) жоғары;**<br>2) орташа; | Ізденішінің диссертацияны өзі жазуының деңгейі жоғары. Диссертацияның үш тарауының арасындағы логикалық байланыс пен сабақтастық ғылыми |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 3) төмен;<br>4) өзі жазбаған | еңбектің бір колдан шыккандығын айкындай түседі. Диссертант ойларын жаксы тұжырымдап, өзінен бұрынғы зерттеулерге орынды сілтеме бере білген. Шәкәрім Құдайбердіұлынын «Мұсылмандык кітабы» еңбегін осы салада жазылған баска да еңбектермен салыстыра отырып зерттеуі нәтижесінде ойшыл еңбегінің мазмұндык және методологиялық құндылығын көрсете білген. Сонымен катар ғылыми еңбектің мазмұндык тұсын баяндаудағы жазу стилі ғылыми-логикалык, дәлелді, дәйекті сипатта екендігі анық байкалады. Ізденушінің ойлары оқырманға түсінікті және кисынды деген пікірдемін. |
| 4 | Ішкі бірлік принципі | 4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:<br>**<u>1) негізделген;</u>**<br>2) жартылай негізделген;<br>3) негізделмеген | Диссертацияның өзектілігі казак зиялысы, ойшыл, акын Шәкәрім Құдайбердіұлынын «Мұсылмандык кітабы» еңбегін ислам кұкығы тұрғысынан егжей-тегжейлі зерттеуінде айкындалады. Өйткені дәстүрсіз, ұлттық құндылықтарсыз ұлтты елестету мүмкін емес. Дәстүрлі дүниетанымның қайнаркөзі ата-бабалар жолы екенін ескеретін болсақ, онда өткен ата-бабаларымыздың тарихын білу болашағымыздың кепілі екендігін сеніммен айта аламыз. Кей ұлттардың тарихын сол заманда өмір сүрген белгілі тұлғалардың өмірі арқылы да зерттеуге болады. Белгілі бір тұлғаның өмірі сол заманның айнасы екенін ескере отырып, қазақ халқының жылдар бойы қалыптасқан дәстүрлі санасын өткен ғасырларда өмір сүрген тарихи тұлғалардың өмірі арқылы зерттеп білуге міндеттіміз. Бұл да тарихты екінші |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | бір қырынан ашуға ықпал ететін шешім. Осындай зерттеуді талап ететін ұлт қайраткерлерінің бірі қазақтың ұлы кемеңгер ақыны, ойшыл – Шәкәрім Құдайбердіұлы. |
| | | 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды<br>**<u>1) айқындайды;</u>**<br>2) жартылай айқындайды;<br>3) айқындамайды | Диссертациялық жұмыстың мазмұны мен құрылымы диссертация тақырыбын толықтай айқындайды. Зерттеуші бірінші тарауда Шәкәрім Құдайбердіұлы және оның діни-идеалистік көзқарастарының негіздерін баяндаған. Екінші тарауда диссертант «Мұсылмандық кітабы» еңбегінің мазмұны мен жазылу әдіснамасын зерттеген. Екінші тарауы да өзара үш тараушадан құралған. Үшінші тарауда диссертант Шәкәрім Құдайбердіұлының фиқһтық көзқарастарын жан-жақты салыстырмалы әдіс арқылы талдай білген. Ғылыми жұмыс аясындағы шешімдер мен қағидаттар тақырыптың мазмұны аясында шығарылған. |
| | | 4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:<br>**<u>1) сәйкес келеді;</u>**<br>2) жартылай сәйкес келеді;<br>3) сәйкес келмейді | Диссертацияның мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбына сәйкес келеді. Диссертант ұлы ақын, ойшыл Шәкәрім Құдайбердіұлының фиқһтық көзқарастарының негіздерін, оның «Мұсылмандық кітабы» еңбегінде келтірілген құқықтық үкімдерді анықтап, ғылыми тұрғыда талдауды мақсат еткен. Сол мақсатқа сәйкес тоғыз түрлі міндет айқындап, міндеттерді тиісті дәрежеде орындаған. |
| | | 4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы | Диссертацияның барлық тараулары мен тараушалары арасындағы логикалық байланыс бар, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | логикалық байланысқан:<br>**<u>1) толық байланысқан;</u>**<br>2) жартылай байланысқан;<br>3) байланыс жоқ | ішкі бірлікке ие. Диссертант алдымен Шәкәрім Құдайбердіұлы және оның діни көзқарастарының негіздерін көрсетсе, екінші тарауда диссертация тақырыбына сәйкес «Мұсылмандық кітабы» еңбегінің мазмұны мен жазылу методикасын зерттеген. Үшінші тарауда диссертация тақырыбына орай Шәкәрім Құдайбердіұлының ислам құқығы тұрғысынан жасаған тұжырымдарын компаративистикалық әдіс арқылы жан-жақты зерттеп, олардың ерекшелігі мен құндылығын көрсете білген. |
| | | 4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрынан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:<br>**<u>1) сыни талдау бар;</u>**<br>2) талдау жартылай жүргізілген;<br>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген | Диссертант ұсынған жаңа қағидаттар мен шешімдер бұрыннан белгілі шешімдермен салыстыра дәлелдеген. Аталған тақырып аясында өзінен алдында жазылған жұмыстарға сыни талдау жасап, осы тақырып аясында өзінің қосар үлесін көрсете білген. Сонымен қатар «Мұсылмандық кітабы» еңбегін ханафи мәзһабының іргелі еңбектерімен салыстыра зерттегенде компаративистикалық әдіс кеңінен қолданыс тапқан. Зерттеу нәтижелері өзінен бұрынғы зерттеулермен салыстырылып бағаланған. |
| 5 | Ғылыми жаңашылдық принципі | 5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?<br>1) толығымен жаңа;<br>**<u>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u>**<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Диссертациялық жұмыстан шыққан нәтижелерге ішінара жаңа деп баға берілді. Бұл ретте диссертант «Мұсылмандық кітабы» трактатының жазылу тарихы мен себептерін, сондай-ақ туындының қазақ халқы үшін маңыздылығын зерделеген. Шәкәрім Құдайбердіұлының «Мұсылмандық кітабы» трактатының стильдік және мазмұндық сипаттамасын өзге еңбектермен мәтіндік |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | салыстыру арқылы анықтаған. Шәкәрім Құдайбердіұлының ұстанған құқықтық мәзһабын еңбегіндегі үкімдерді контекстік және когнитивтік талдау арқылы анықтаған. Осы тұрғыдан алғанда жасалған ғылыми нәтижелер ішінара жаңа деп қарастырылды. |
| | | 5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?<br>1) толығымен жаңа;<br>**<u>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u>**<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Диссертация қорытындыларының бірі жартылай, бірі толығымен жаңа болғандықтан, жалпы алғанда оларға ішінара жаңа деген баға берілді. Атап айтқанда Шәкәрім Құдайбердіұлы өмір сүрген кезеңдегі саяси, әлеуметтік және діни ахуал, Шәкәрім Құдайбердіұлының діни тұлғалығының қалыптасуына әсер еткен факторларға қатысты шыққан қорытындылар алдыңғы зерттеулердегі тұжырымдарға негізделгендіктен ішінара жаңа деп бағаланды. |
| | | 5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?<br>1) толығымен жаңа;<br>**<u>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u>**<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Диссертация жұмысының тақырыбы әлеуметтік-гуманитарлық ғылым бағытында орындалғандықтан техникалық, технологиялық, экономикалық салалармен тікелей байланыспайды. Десе де диссертацияда еліміздегі дәстүрлі ислам құндылықтарын сақтау үшін қазақ зиялыларының ислами мұрасын кеңінен зерттеу бойынша шешімдері ұсынылған және негізделген. |
| 6 | Негізгі қорытындылардың негізділігі | Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **<u>негізделген</u>**/ | Диссертациялық жұмыстың әрбір тарауындағы мәселелер бойынша жасалған қорытындылар ауқымды дәлелдемелерге негізделген. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша) | Қорытындылардың бір бөлігі теориялық зерттеу нәтижелеріне негізделсе, екінші бөлігі эмпирикалық зерттеуден алынған дәлелдемелерге негізделген. |
| 7 | Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар | Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:<br>7.1 Қағидат дәлелденді ме?<br>**<u>1) дәлелденді</u>**;<br>2) шамамен дәлелденді;<br>3) шамамен дәлелденбеді;<br>4) дәлелденбеді<br>7.2 Тривиалды ма?<br>1) ия;<br>**<u>2) жок</u>**<br>7.3 Жаңа ма?<br>**<u>1) ия;</u>**<br>2) жок<br>7.4 Қолдану деңгейі:<br>1) тар;<br>**<u>2) орташа;</u>**<br>3) кең<br>7.5 Мақалада дәлелденген бе?<br>**<u>1) ия;</u>**<br>2) жок | 7.1. Диссертация жұмысында зерттеуші 9 қағидат айқындаған. Олардың әрқайсысы жеткілікті деңгейде дәлелденген.<br>7.2. Зерттеу жұмысының қағидаттары тривалды емес. Диссертант қағидаттарды өзіндік тәсілмен, жан-жақты қарастырып қалыптастырған.<br>7.3. Диссертация жұмысында 9 қағидат жасалған. Олар салыстырмалы түрде ішінара жаңа саналады. *Бірінші қағидатта* – қазақ даласындағы ислам дінінің және Ресей патшалығының қазақ жерін басқарудағы әртүрлі бағдарламаларының тарихнамасы жүйеленіп, Ресей империясының қазақ жеріндегі басқару саясатының діни-мәдени аспектілері нақты тарихи контексте қарастырылып, бұл еңбектердегі ғылыми тұжырымдар мен әдіснамалар қазіргі исламтану мен тарих ғылымдарының жаңа талаптарына сай қайта бағаланып, жаңа түсініктер мен талдаулар ұсынылған, *екінші қағидатта* – Шәкәрім Құдайбердіұлының өмірі мен шығармашылығына қатысты отандық дереккөздер жан-жақты сараланып, ойшылдың діни тұлғалығы мен діни көзқарастарының қалыптасуында маңызды рөл атқарған тұлғалардың ықпалы анықталған, *үшінші қағидатта* – Шәкәрім Құдайбердіұлының |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | «Мұсылмандық кітабы» еңбегінің эволюциясын тарихи және саяси-идеологиялық тұрғыдан саралау негізінде бұл шығарманың қазақ халқына дін мен мәдениеттің терең мәнін түсіндіру, сонымен қатар рухани жаңғыру мен ұлттық бірлікті қалыптастырудағы маңызы ашылған, *төртінші қағидатта* – Шәкәрім Құдайбердіұлының «Мұсылмандық кітабы» трактатын ислам әлеміне белгілі ғалымдар Әли Зада, Мақсуд Һади секілді тұлғалардың еңбектерімен салыстыру нәтижесінде, аталмыш шығарманың сөйлем құрылымдары мен қолданылған сөздері арасында ұқсастықтар анықталып, көпшілікке «Мұсылмандық шарты» деген атаумен танымал болған еңбектің шынайы аты «Мұсылмандық кітабы» екендігі қолжазбаларға жүргізілген тарихи-мәтіндік зерттеу нәтижесінде нақтыланған, *бесінші қағидатта* – «Мұсылмандық кітабы» еңбегінде қолданылған ислам құқығының негізгі қағидалары анықталып, оларды өзге мұсылман құқықтанушыларының методологиялық ұстанымдарымен салыстыра зерттеу нәтижесінде Шәкәрім Құдайбердіұлының ханафи мәзһабының құқық негіздері қағидаларын ұстанғаны ғылыми тұрғыдан дәлелденген, *алтыншы қағидатта* – Отандық және шетелдік кітапханалардағы ислам ғалымдарының классификациялық еңбектерін жан-жақты зерттеу |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | нәтижесінде, Шәкәрім Құдайбердіұлының ұстаздар шежіресінің Мұхаммед пайғамбарға (с.а.с.) дейін жалғасатыны анықталып, Шәкәрімнің ислам мәдениеті мен ғылымына қосқан үлесі ғылыми тұрғыдан дәлелденген, *жетінші қағидатта* – Шәкәрім Құдайбердіұлының «Мұсылмандық кітабы» еңбегіндегі мәселелерді терең талдап, ондағы үкімдердің ерекшеліктерін анықтау мақсатында ханафи мәзһабының іргелі қайнар көздеріндегі үкімдермен салыстыра зерттелген. Салыстыру нәтижесінде Шәкәрім Құдайбердіұлының еңбегінде көтерілген мәселелердің ханафи мәзһабының негізгі пәтуаларына сай келетіндігі дәлелденген, *сегізінші қағидатта* – Шәкәрім Құдайбердіұлының кейбір құқықтық мәселелерде өз заманындағы әлеуметтік және мәдени жағдайларды ескере отырып, ханафи мәзһабындағы негізгі үкімдер мен пәтуаларды емес, сирек үкімдер мен пәтуаларды қолданғаны анықталған, *тоғызыншы қағидатта* – Шәкәрім Құдайбердіұлының кейбір фиқһи мәселелерде бір ғана мәзһабтың үкімдерімен шектелмей, уақыт пен орын ескере отырып, ижтиһад жасау арқылы шешім қабылдағаны, сонымен қатар әдет-ғұрыптарды негізге ала отырып, усул әл-фиқһ қағидаларын шебер қолданғаны көрсетілген.<br>7.4. Диссертация қағидаттары теория мен практикадағы қолдану деңгейі «орташа». Атап |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | айтканда зерттеуден алынған ғылыми нәтижелерді негізінен ислами ЖОО, ислам зерттеулері орталықтары мен өзге де салаға қатысы бар ұйымдар аукымында кең колдануға болады.<br>7.5. Диссертацияда көрсетілген қағидаттар талапқа сәйкес ғылыми жарияланымдар аукымында дәлелденген. |
| 8 | Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған акпараттың дәйектілігі | 8.1 Әдістеменің тандауы – негізделген немесе әдіснама накты жазылған<br>**<u>1) ия;</u>**<br>2) жок | Диссертациялық жұмыста әдістемелік таңдау толық негізделген, оларды жұмыстың жазылу барысынан көруге болады. Диссертациядағы зерттеулер мен талдаулар сапалык әдістер негізінде жүргізілген. Зерттеу жұмысында екінші реттік дереккөздермен қатар бірінші реттік дереккөздер де кең колданылған. |
| | | 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды колдану аркылы ғылыми зерттеулердің казіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:<br>**<u>1) ия;</u>**<br>2) жок | Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологиялар, ғылыми зерттеулердің заманауи әдістемелерін колданғаны байқалады. Деректерді талдау нәтижелері түрлерінде интерпретацияланған. |
| | | 8.3 Теориялык корытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған | Диссертация жұмысының зерттеу нысаны эксперименттік зерттеулерді қажет етпеді. Теориялык корытындылар накты исламтанулык және деректанулык зерттеулермен дәлелденіп расталған. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):<br>1) ия;<br>**2) жоқ** | |
| | | 8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған | Диссертант зерттеу жұмысында ұсынған ой-тұжырымдарын шетел және Қазақстан зерттеушілерінің еңбектеріне сілтеме беру арқылы негіздеген. Диссертация жұмысында исламтанулық және деректанулық зерттеуден жинақталған бірінші реттік дереккөздерді ғылыми талдау негізінде маңызды әрі дәйекті мәлімдемелер жасалған. |
| | | 8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті** / жеткіліксіз | Диссертациялық жұмыста сала бойынша жазылған әдебиеттерге жеткілікті деңгейде ғылыми айналымда бұрын-соңды болмаған әдебиеттерге шолу жасалынған. Әдебиеттік шолу ислам құқығы саласындағы қолжазбаларға қатысты әдебиеттермен қатар, соңғы жылдары жазылған ғылыми мақалалар мен зерттеу жұмыстарын қамтыған. Оның ішінде аталған тақырып аясында ізденген зерттеушілердің еңбектеріне арнайы шолу жасалған. Ізденуші әдебиеттерге кешенді шолу жүргізу арқылы диссертация тақырыбының өзектілігі мен ғылымға қосар үлесін жақсы негіздеген. |
| 9 | Практикалық құндылық принципі | 9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: | Диссертацияның теориялық маңызы жоғары бағалануға лайық. Зерттеу нәтижелері Шәкәрім |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | **1) ия;**<br>2) жок | Құдайбердіұлының «Мұсылмандық кітабы» еңбегін жан-жақты зерттеп, ғылыми айналымға енгізу арқылы Қазакстандағы мұсылмандардың діни тұрақтылығын реттеуге мүмкіндік береді. |
| | | 9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:<br>**1) ия;**<br>2) жок | Диссертацияда қол жеткізілген ғылыми нәтижелердің практикалық маңызы жоғары. Зерттеу жұмысынан шыққан қорытындылар еліміздегі исламтану саласының дамуына маңызды ұсыныстарды қамтыған. |
| | | 9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?<br>1) **толығымен жаңа;**<br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Диссертациялық жұмыстағы практикалық ұсыныстарды «толығымен жаңа» деп карастыруға болады. Қазақ қоғамында көбінесе ойшыл, ақын деп танылған Шәкәрім Құдайбердіұлының діндарлық қырын таныту арқылы ұлттық және діни сана, бірегейлік және діни ахуал мәселелеріне қатысты ғылыми ізденістерді жетілдіруге қатысты жасалған ұсыныстар толығымен жаңа деп бағаланады. Қазіргі уақытта Қазақстан аумағында өршіп тұрған радикализм мен экстремизмге қарсы күресте, қазақ жастарының радикалды топтардың жетегінде кетуінің алдын алатын дәстүрлі діни дүниетанымымызға сай ілім беретін, қазақтың ежелден ұстанған жолын анықтап көрсетуге қатысты берілген ұсыныстар да жаңа деп бағаланады. Осы аталған жағдайларға байланысты зерттеуден шыккан ұсыныстарға толығымен жаңа деген баға бердік. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 10 | Жазу және ресімдеу сапасы | Академиялық жазу сапасы:<br>**<u>1) жоғары;</u>**<br>2) орташа;<br>3) орташадан төмен;<br>4) төмен. | Диссертацияны жазудағы академиялық жазу сапасы жоғары болып табылады. Автор теориялық және деректік мәліметтерді талдауда ғылымда мойындалған әдіснамаға сүйене отырып, ғылыми стильде баяндаған. Диссертациялық мәтін ғылыми нормаларға сәйкес жазылған. |
| 11 | Диссертацияға ескертулер | | -диссертацияда кейде бірізділіктен ауытқушылық байқалады: диссертацияның ресми атауы «Шәкәрім Құдайбердіұлының фиқһи көзқарастарының қалыптасу негіздері («Мұсылмандық кітабы» еңбегі негізінде)», дегенмен докторант мәтін ішінде «Шәкәрім Құдайбердіұлының шариғи құқықтық көзқарастарының қалыптасу негіздері («Мұсылмандық кітабы» еңбегі негізінде)» (7 б.) деп көрсетеді;<br><br>-диссертацияның жоспарына сәйкес 3.1тарауша Ш. Құдайбердіұлының фиқһи мәзһабы мен ғылыми генеалогиясы деп аталған, қаншама біз Ш. Құдайбердіұлының өзінің фиқһи мәзһабы қалыптасқан, болды деп айта аламыз?<br><br>-Ш. Құдайбердіұлын диссертанттың жиі ғалым деп атауының қаншама негізі бар?<br>Әрине, диссертация тың тақырыптарының біріне арналғандықтан, Ш.Құдайбердіұлының халқымыздың руханиятында ерекше орын алатынын ескеретін болсақ, докторанттың Ш.Құдайбердіұлының шығармашылығына жоғары |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | баға беруі түсінікті және ол жалпы диссертацияның ғылыми негізіне ешбір нұқсан келтірмейді |
| 12 | Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді) | | Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі жеткілікті |
| 13 | Ресми рецензент пікірінің корытынды шешімі: | | **«8D02201-Исламтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Смагулов Нұржан Айдаровичтің «Шәкәрім Құдайбердіұлының фиқһи көзқарастарының қалыптасу негіздері («Мұсылмандық кітабы» еңбегі негізінде)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынамын.** |

**Ресми рецензент:**
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ университеті
Дінтану және мәдениеттану кафедрасының профессоры,
философия ғылымдарының докторы, профессор ______________________ **Н.Ж. Байтенова**
(жұмыс орны, ғылыми дәрежесі)